

дырмауы мүмкін емес еді. Алтынсаринның «Қыпшақ Сейтқұл» аңызын әңгімеге айналдыруының бір себебі осындай жайттармен байланысты тәрізді. Жоғарғы айтылған әлеуметтік және шаруашылық жағдайлар ендігі кезде отырықшылану қажеттігін керек етті. Ері мойнына кеткен кедей шаруалардың ауыр халін жақсартудың төте жолы отырықшылану, сүйтіп, егін кәсібімен айналысу деген пікірді қазақ ағартушыларының бәрі де мойындайтынға ұқсайды. Сонымен қатар өз шығармаларында балаларды еңбекке шақыру, тек қана еңбек етуге емес адал болуға шақырады оған оның «Қыпшақ Сейтқұл» әңгімесі дәлел.

Қорыта айтқанда, Алтынсаринның өз халқын оқуға, өнерге үндеуі надандыққа, зұлымдыққа қарсы шығуы, сол кезде әлеумет өміріндегі теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын көрсетуі, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуі оның творчествосының халықтық жағы десек, қазақтың қазіргі ержеткен проза жанрының және балалар әдебиетінің ең алғашқы негізін салушы болды.

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ БАРЫСЫНДА ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Халилова А.А.

«№19 орта мектебі» ММ

Ыбырай Алтынсарин – бар саналы ғұмырын туған халқын өнер-білімді, жаңа заманның өркениетті, мәдениетті елдерінің қатарына қосу жолына арнаған көрнекті тұлға. Ол өзінің ағартушылық, педагогтік, ақын-жазушылық тарихи қызметі мен зор талантын, жан-жақты терең білімі мен қайрат-жігерін елдің "желкілдеп өскен көк шөптей" жас ұрпағын оқытып, тәрбиелеуге, қазақ жерінде жаңа үлгідегі мектептер ашып, оқушыларды өз кезінің озық ғылымымен қаруландыруға, кәсіп түрлеріне үйретуге арнаған.

Ыбырай бұл жолда сан алуан кедергілер мен қиындықтарды жеңе отырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді, сөйтіп, туған халқының мақтан тұтатын ардақтысына айналды.

Қоғамдық ой – сананың дамуына өзіндік үлес қосқан ұлы тұлғалардың қатарында Ыбырай Алтынсарин есімі тұрады.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұқтар Омарханұлы Әуезов Ыбырай Алтынсарин туралы былай жазды: «Ыбырай орыстың мәдениет мектебін танымаса, Ушинский бастаған педагогикалық жаңалықтарды білмесе, орыстың адамгершіл, прогрессшіл классикалық әдебиетінің нәрінен қорек алмаса, Ыбырай болмас еді... Ыбырай да сол бір бағытта болумен қатар, өмірі, еңбек еткен ортасы, әлеуметтік-қоғамдық қайраты, әрекеті жөнінде Шоқанға да, Абайға да ұқсамайды. Ыбырай жаңағы екеуінің де ісін өз өмірінде еңбегіне түйістіріп, қоса білді. Сөйтіп, ол екеуі де істеген тың тарихтың ұзақ өрісі бар, зор келешегі бар істердің үлгісін өз қолымен орнатты. Әрі ол жаңа үлгідегі ақын, әрі сол кездегі Ресейде батыл жаңалық жасап, «бұратана» елдер үшін тың үлгідегі мектеп ашушы. Қазақтың ең алғашқы мәдениетті мектебін жасаумен қатар, жазушылық пен оқытушылықты ол аса шебер өнерлі түрде қабыстырушы».

Ыбырай қоғамның, қазақ халқының бағына туған бірегей азамат. Ол еуразиялық кеңістігі ортақ орыс, қазақ, татар, башқұрт ұлттары жаңа қарым – қатынасқа түсе бастаған көп ұлтты қоғамның өкілі ретінде ең алдымен қоғамдық гуманизмді дамытты. Ұлтына қарамастан адамды сүйді, білім мен мәдениетті бетке ұстап, мәдениетаралық қарым – қатынасты дамытуға, халықтардың бір – бірінен үйреніп, өзара үйлесуіне үлес қосты.

Ыбырай өзге халықпен үйлесу үшін қажет сапалардың бірі толеранттық пен коммуникативтіліктің жеке бас үлгісін берді. Өз жерінде отырып өзгеге кіріптар жағдайда орыс халқымен араласудағы оның көрген ғажабы мен азабы бірдей болды. Бірақ Ыбырай тұлғасына тән ерекшеліктердің бірі – оның толеранттығы еді. Ол ерекше төзімділігі арқылы, ашу – ызасын ақылға жеңдірумен көп құбылыстарды реттеп, шынайы сұхбатты дамытуға тырысты.

Толеранттық, коммуникативтік, сұхбаттылық Ыбырай заманындағы құндылықтар болды деуге негіз бар. Сұхбаттылық бүгінгі білім жүйесіндегі педагогикалық технологиялардың бірі ретінде орын алып отырғандықтан, оның қазақ халқына қатысты тұстарына тоқтала кетейік.

Сұхбат - пікір алысу ғана емес, қарым – қатынас. М.Бубердің айтуынша, сұхбатты өмір дегеніміз – көп адаммен істес болу ғана емес, істес бола отырып, бірге болу. М.Бубер сұхбаттың үш түрін көрсетеді:

1. Шынайы сұхбат деп аталады. Ол жаныңның терең түкпіріндегі басқаға деген терең құлшынысты, сүйіспеншілікті (шынайы даостық, шынайы махаббат, шынайы мәдениеттілік) білдіреді.

2. Техникалық сұхбат – «мен саған, сен маған» деген ұстанымға негізделген тіршілік ету тәсіліміз.

3. Сұхбат болып танылуға тырысқан монолог. Ол – бірін – бірі тыңдағансып, жайбақат қана өз монологы шеңберінен аспайтын, ештеңені қабылдамайтын көпшілік құбылысы. Бұл бүгінгі кейбір ұжымдарға, әлеуметтік топтарға тән. Жалпы сұхбаттың барлық түрлері күнделікті өмірде кездеседі.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда Ыбырай Алтынсарин дүние жүзі педагогика классиктері Ушинский, Руссо, Каменский, Толстой, т.б. гуманистік идеяларын басшылыққа алады.

Ыбырай Алтынсариннің көзқарастарынан бүкіләлемдік тәлім-тәрбиенің алатын діңгегі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық принциптерінің көрініс тапқанын байқаймыз. Мысалы, өзінің екі класстық мектептердің меңгерушісіне жазған нұсқау хатында ол: «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлау тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені де ықыласпен түсінікті етіп түсіндіру керек, орынсыз терминдерді қолданбау керек, мұндай сөздер оқушыларға түсініксіз болады да, жалықтырып жібереді...»

Ы.Алтынсарин демократиялық-ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарасының үш бірдей саласынан көрініс тапты. Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнаса, екіншіден, өнегелі ұстаз тәлімгер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми-әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Үшіншіден, шығармаларында қазақ халқының ХІХ ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған саяси әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға жұмсады. Ол кез келген шығармаларында шәкірттерді адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнерлі азамат болуға, жат мінезден бойын аулақ ұстауға шақырды.

Қазақ халқының келешегі тек өнер-білімде деп түсінген Алтынсарин өз ойын іске асыруда түрлі тосқауыл кедергілерге кездесті, бірақ оларды табандылықпен жеңе отырып, өз мақсатын іске асыра білді.

Ы.Алтынсариннің есімімен Қазақстанда кәсіптік-техникалық білім беру ісінің дамуы байланысты. Торғайда кәсіптік-техникалық училище ашылды, содан кейін Қостанайда ауыл шаруашылығы училищесін ұйымдастырды. Ы.Алтынсарин өзі оқып, қызмет еткен жылдары Орынбор, Қазан, Уфа, Петербург қалаларындағы сол кездегі Шығысты зерттеуші ғалымдар В.В.Катаринский, А.А.Мазахин, уездік қызметкерлер Яковлев, Караулов, Плотников т.б.тығыз байланыста, достық қарым-қатынаста болады. Солар арқылы белгілі татар ағартушылары Ш.Маржани, Қ.Насыри, С.Кукляшев, әсіресе, Петербург университетінің оқытушысы, Ш.Уалихановтың досы, белгілі татар ағартушысы Хұсин Файызхановпен де танысып, достасады. Олармен хат алысып, хат жазысып тұрады. Оқу ағарту ісінде бұлардың қайсысының болса да, Ы.Алтынсаринге көп көмегі тиген.

Ы.Алтынсарин оқыту әдісі мәселелеріне де ерекше мән берді. Өзінің А.А.Мазюхин, Ф.Д.Соколов, Ғ.Балғымбаев, т.б. мұғалімдерге жазған хаттарында балаларға тиянақты білім беру, оқыту өмірімен байланыстыру, оқыту әдістерін жетілдіру жайында көптеген ақыл-кеңестер берді.

Ы.Алтынсариннің шығармашылығына Н.Ф.Бунаков және Н.А.Корфтің жүйесімен Ресейде құрылған бастауыш халық мектептерінің тәжірибесінің жемісті ықпалы болды. Ы.Алтынсарин оқу жоспарларын және бағдарламаларын жасауда оқыту мен тәрбиенің дидактикалық және әдістемелік тәсілдерді қолдануда оның пайдалы тәжірибелерін пайдаланды.

Ы.Алтынсарин өзінің оқу құралдарын жасауда өзінің идеялық бағыттылығы жағынан халықтың қағидаларға қызмет етуге және балаларды өз Отанына сүйіспеншілік рухта тәрбиелеуге ұмтылды. Сондықтан да орыс педагогтары мен жазушыларының шығармаларымен қатар ол хрестоматияға қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін енгізді.

Алтынсарин орыс-қазақ мектептері үшін арнаулы оқу құралдарын шығару қажет деп санады. Оқыту әдістерін жаңа бағытта құрды, оқуға деген баланың ынтасы мен қызығушылығын арттыруды көздеді, оқуды ана тілінде жүргізді.

Алтынсарин жаңа дәуірдегі қазақ әдебиетінің қалыптасуына қомақты үлес қосты. Ол қазақ жастарын, ең алдымен, оқу, өнер-білім, техниканы меңгеруге шақырды. Оқу-білімнің тек ізденіс, еңбекпен табылатынына мән берді. Бұған инемен құдық қазғандай ыждаһаттылық, талап пен сабырлық қажет екенін ескертеді. Ал оқымаған надандарды ақын аз ғана сөзбен сынап, олардың ақ, қараны айырмайтын көрсоқыр екенін айтады. Оқу білімнің пайдасы қандай, ол неге керек деген мәселеге келгенде, оның өмір үшін, болашақ үшін қажет екенін талдап көрсетеді. Жастарды өнер-білім, техниканы игеруге үндеу ақынның «Өнер-білім бар жұрттар» деген өлеңінде өз жалғасын тапқан.

Еңбекті сүю және қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді.

Жазушының шығармаға жасы құрбы екі баланы алып, оларды бай мен кедейдің өкілі етіп суреттеуінің сыры да оның идеясынан айқын көрінеді. Жарлы баласы Үсен- тұрмыстың тепкісін көре жүріп ысылған еңбек адамы. Ауыл көшіп, жұртта қалған екі баланың далада тамақ тауып жеуіне, ауыүйгіш лдың қалай қарай көшкенін аңғартуына, түнде далаға түнегенде ит – құстан сақтануына Үсеннің тапқырлығы мен еңбекқолығы себеп болды. Ал бай баласы Асан – өмір үшін күресудің жолын білмейтін шыдамсыз, еңбекке икемі жоқ жан. Кісі еңбегімен күн көріп, жаман үйренген, бейнетсіз тоғышар болып өскен бай баласының басына күн туғандағы дәрменсіздігін суреттеу арқылы жазушы келешек Үсендер жағында екенін аңғартады. Сөйтіп, жастарға өмірден еш нәрсе үйренбей, жалқау болып өскен бай баласындай болмай, қиыншылыққа төзімді өнерге бейім, еңбекс жарлы баласы Үсендей болып өсуді уағыздайды.

Ыбырай – қазақ әдебиетіндегі тұңғыш аудармашы. Сондықтан ол аудармаға үлкен маңыз бере ұқыптылықпен қарайды. Бірақ ол ұқыптылық аударманың дәлме- дәлдігін сақтауда емес, шығарманы өзінің ағартушылық мақсатына лайықтап ала білуінде жатыр. Сол шығармалар арқылы ол озық мәдениеттің алдыңғы қатарлы демократтық көзқарастарын әкелді, оның дамуына мүмкіндік жасады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында әлем қауымдастығының басқа да елдеріндегідей білім жүйесін жаңарту және дамыту мақсаттарында ұланғайыр реформалау шаралары қолға алынып жатыр. Осы заманның білім жүйесін реформалаудың басты бағыттары төмендегідей:

- білімді адамиластыру(гуманизациялау);
 - оқуды үздіксіз жүргізу бағыт-бағдары;
 - білім технологиясындағы пән аралық бірігім-байланыстарды (интеграция)іске асыру;
 - оқу процесін компьютерлестіру және технологияциялау;
 - білім берудің ақпараттандыру формасынан проблемдік, ғылыми ізденіс, оқушылардың өзіндік жұмыстарын кең қамтитын оқудың белсенді әдістері мен формаларына өту;
 - оқу желісінде мұғалімнің оқыту жұмыстарынан гөрі оқушылардың танымдық іс-әрекеттеріне көбірек мән беру;
 - оқу-танымдық процесін ұйымдастыру мен сол процесі басқаруда жоспарлы қадағалау, қатаң бағдарластыру тәсілдері орнына оқудың дамытушылық, белсенділік көтеру, жеделдетіру мүмкіндіктерін мейлінше тиімді пайдалану;
 - білімнің дамытушылық және азаматтық баулу қызметтерін назарда ұстау. Қазақстан мектебінің 2005-2010 жылдардағы даму бағдарламаларында белгіленген аса маңызды мәселе- азаматтық, дербестік, жеке жауапкершілік, қоғамға қызмет ету құндылығын түсіну, демократиялық қоғам құру проблемаларын шешуде ынтымақ сезімін тәрбиелеу.
- Қазақстан білім кеңістігінде қалыптасып жатқан осы заман білімін реформалау бағыттары жалпы әлемдік бағдармен үндес келіп, іске асырылуда.

ИДЕИ Ы. АЛТЫНСАРИНА И СОВРЕМЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

Хасенова К.Р.

Костанайский государственный педагогический институт

Сегодня знание языков является неотъемлемой частью в процессе реформирования современного образования. В современном цивилизованном обществе молодые люди, будущее нашей страны, приобретает знания посредством огромной массы нужной информации. Внедрённая в 2007 году, программа «Триединство языков» призвана научить новое поколение казахстанцев говорить по-казахски, по-русски и чтобы быть с миром на равных говорить по-английски. Изучая языки в школе, затем в вузе, современный казахстанец в дальнейшем должен говорить, понимать, изъясняться на нескольких языках.

Эта проблема ещё зародилась в литературной и просветительско-педагогической деятельности великого педагога Ы. Алтынсарина.

Историческое значение всей жизни и деятельности великого Учителя – в создании цельной школьной системы.

Алтынсарину как просветителю присуще культ знания и вера в приобретение и приумножение знания для развития общества и каждой человеческой индивидуальности. Современники, следившие за литературной деятельностью Ыбрая Алтынсарина, уже при